«Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серікестігінің
Байқау кеңесі отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы «18» қаркүйек **2024 жыл**

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Қатысқандар:

1. **Д.З. Ешкеев** – «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
2. **Н.Т. Алимжанов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
3. **А.М. Амрина–** «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;
4. **Ж.М. Даулетов–** «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары.

Шақырылғандар:

1) Л.В. Эффа– «Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серікестігі (бұдан әрі - Серіктестік) бас директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары;
2) Д.А. Исмагулова– Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің осы отырысы заңды деп танылады, кворум шарттары сақталды.

Байқау кеңесінің аталған отырысында «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.З.Ешкеевті төраға, Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Д.А. Исмагулованы хатшы етіп тағайындау ұсынылды.

Дауыс беру қорытындысы:
«ИА» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.
ШЕШТІ: Д.З.Ешкеев – төраға, Д.А. Исмагулова – хатшы болып тағайындалсын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Осы Хаттаманың №1 қосымшасына сәйкес Серіктестіктің 2023 жылғы даму жоспарының орындалу есебін бекіту туралы.
Төраға: күн тәртібін бекіту үшін дауыс беруіңізді сұраймын.
Дауыс беру қорытындысы:
«ИА» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.
ШЕШТІ: күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілсін.

Отырыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Осы Хаттаманың №1 қосымшасына сәйкес Серіктестіктің 2023 жылғы даму жоспарының орындалу есебін бекіту туралы» талқылауға және шешім қабылдауға көшуді ұсынды.

«Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну ережелерін бекіту туралы» Серіктестіктің 2023 жылғы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген формаларға сәйкес әзірленді.

Серіктестіктің 2023 жылғы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасында Қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері былайша көрсетілген:

2023 жылғы кірістер 1 621 800,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Экскурсия жүргізу бойынша қызметтерден түсетін кірістер 618 369,0 мың теңге;
- Орынжайларды ұсыну бойынша қызметтерден түсетін кірістер 128 704,0 мың теңге;
- Іс-шараларды өткізу үшін орынжайларды ұсыну жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер 101 594,0 мың теңге;
- Сенімгерлік басқару шартына сәйкес ғимаратты күтіп ұстау бойынша көрсетілген қызметтер үшін кірістер 742 836,0 мың теңге;
- Өзге де табыс 30 297,0 мың теңге.

2023 жылғы шығыстар 1 421 821,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Еңбекақы төлеу қоры 763 240,0 мың теңге;
- Салықтар және әлеуметтік аударымдар 82 419,0 мың теңге;
- Коммуналдық қызметтер сомасы 95 665,0 мың теңге;
- Тауар қорлар мен материалдар 43 933,0 мың теңге;
- Пайдалану шығындары 316 063,0 мың теңге;
- *оның ішіндегі жөндеу жұмыстары 81 837,0 мың теңге;*
- Жалпы және әкімшілік шығыстар 38 287,0 мың теңге;

- Басқа шығыстар 82 214,0 мың теңге;
- оның *ішіндегі дебиторлық берешекті есептен шығару 14 348,0 мың теңге.*

Осылайша, Серіктестіктің қаржылық нәтижесі салық салуға дейінгі 199 979,0 мың теңге және таза пайда 153 203,0 мың теңге болды.

Дауыс беру қорытындысы:

«ИА» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

ШЕШТІ: Серіктестіктің 2023 жылғы даму жоспарының орындалу есебі осы Хаттаманың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін (Идентификатор – 14-170840031785-2019-035).

Серіктестіктің Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері аяқталғандықтан, Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысы жабық деп жарияланды.

Төраға:

Д.З. Ешкеев _____

Отырыс мүшелері:

Н.Т. Алимжанов _____

А.М. Амрина _____

Ж.М. Даулетов _____

Хатшы:
Д.А. Исмагулова _____